

Дәріс 4. Экономкалық өсу және экономикалық цикл

1. Экономикалық өсу, факторлары және түрлері

2. Экономикалық цикл және оның фазалары

3. Экономикалық циклдің типтері

1. Экономикалық өсу, факторлары және түрлері

Экономикалық өсу - бұл абсолюттік мәндерде елдің әрбір тұрғынына есептегенде де жалпы ішкі өнімнің нақты көлемінің ұзақ мерзімді ұлғаюы.

Экономикалық өсу қарқынын келесі факторлар анықтайды:

- Табиғи ресурстар;
- еңбек ресурстары;
- әлеуметтік-экономикалық жүйенің типі және елдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың жай-күйі;
- қоғамдық өндірістің құрылымы, оның көлемі мен сапасы, сондай-ақ ұйымдастыру деңгейі;
- өндірістегі ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалану дәрежесі.

Кесте -1. Экономикалық өсудің типтері

Экстенсивті жолы	Интенсивті жолы
Ресурстарды пайдалану ауқымын кеңейту есебінен ЖІӨ-ні ұлғайту (елде бар, бірақ әлі пайдаланылмаған ресурстар өндіріске тартылады): <ul style="list-style-type: none">● Машиналар санын көбейту● Қосымша жұмысшыларды қабылдау● Өндіріс технологиясын өзгеріссіз сақтау● Өңделген жер көлемін ұлғайту Жаңа кен орындарын игеру	Өндіріс факторларын сапалы жақсарту және олардың тиімділігін арттыру есебінен ЖІӨ-нің ұлғаюы: <ul style="list-style-type: none">● Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП).● Масштабты үнемдеу (өндірісті ірілендіру оның тиімділігін арттырады)● Қызметкерлердің біліктілігін арттыру● Ресурстарды тиімді бөлу (капитал мен жұмыс күші тиімділігі төмен салалардан тиімдіге ауысады).

Экономикалық өсу тұрақты және біркелкі бола алмайды, ол экономикалық дағдарыстарға ұшырайды. Осылайша, экономикалық дамуы, жалпы әлемнің экономиканың дамуы экономикалық циклдарға ұшырайды.

2. Экономикалық цикл және оның фазалары

Экономикалық цикл - бұл нарықтық экономиканың бір дағдарыстан екіншісінде дейінгі даму кезеңі.

Экономикалық циклдің төрт кезеңі бар:

1) **дағдарыс (кұлдырау)** – циклдің бастапқы және анықтайтын кезеңі. Өндірістің, тұтынудың, кірістер мен инвестициялардың нақты көлемінің қысқаруы, жұмыссыздықтың өсуі, қоғамдағы әлеметтік-экономикалық қайшылықтардың шиеленісуі. Жалпы өндірістің азаюы рецессия деп аталады.

2) **Депрессия (дағдарыстың түбі)** — бұл экономиканың тоқырауы деп аталатын ұзаққа созылған кезеңге айналған экономикадағы экономикалық құлдырау. Дағдарыстан кейін пайда болады және ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Ол төмен, бірақ тұрақты, өндіріс деңгейімен, жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен (циклдік және тоқырау) сипатталады.

3) **Жандандыру** — бұл өндірістің біртіндеп өсуі, өнеркәсіпке қосымша жұмыс күшін тарту, кәсіпкерлердің пайдасы мен халықтың табысының өсуі.

4) **Экономикалық өрлеу (бум, шың)** — бұл белсенді халықтың толық жұмыспен қамтылуымен, барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің ұдайы кеңеюімен, кәсіпкерлер мен халық кірістерінің өсуімен, жалпы ұлттық өнімінің өсуімен сипатталатын кезең.

Циклдің негізгі кезеңдері – дағдарыс және өрлеу, **циклдің аралық кезеңі** – депрессия және жандану.

Экономикалық даму - экономиканың өсу кезеңдерінен ғана емес, сонымен бірге өндіріс көлемінің салыстырмалы да, абсолютті төмендеуімен бірге жүруі мүмкін құлдырау кезеңдерінен өту процесі.

3. Экономикалық циклдің типтері

К.Маркс цикл мәселесіне мұқият назар аударма бастаған алғашқы экономистердің бірі болды. Ол бір-бірін дәйекті түрде алмастыратын 4 кезеңді анықтады: дағдарыс, депрессия, қалпына келтіру және көтерілу. Марксистік экономикалық мектеп 7-12 жылдық өндірістік циклді ғана зерттеді.

Экономикалық циклдік дамуын тудыратын нақты себептерді талдағанда 3 негізгі тәсілді бөліп көрсетуге болады:

1. Экономикалық циклдердің табиғаты экономикалық жүйенің шеңберінен тыс факторлармен түсіндіріледі. Бұл – табиғи құбылыстар, саяси оқиғалар.

2. Цикл экономикаға тән ішкі құбылыс ретінде қарастырылады. Ішкі факторлар белгілі бір уақыт аралығында экономикалық белсенділіктің

төмендеуіне де, өсуіне де әкелуі мүмкін. Шешуші факторлардың бірі – негізгі капиталды жаңарту циклі.

3. Циклдердің себептері экономиканың ішкі жағдайлары мен сыртқы факторлардың өзара әрекеттесуінде көрінеді. Сыртқы факторлар ішкі факторлардың күшіне енуіне себеп болатын бастапқы көздер ретінде қарастырылады. Сыртқы көздерге мемлекет жатады.

Қазіргі ғылым 1380-ден астам түрі белгілі болды. Экономика ғылымы циклдердің бірнеше түрін ажыратады. Олардың ішіндегі ең қарапайымдары - жылдық, олар климаттық жағдайлар мен уақыт факторының өзгеруі әсерінен маусымдық ауытқулармен байланысты.

Қысқа мерзімді циклдар (ұзақтығы 40 ай немесе 3 жылдан астам) әлемдік алтын қорларының ауытқуларына байланысты. Бұл тұжырым алтын стандарттың үстемдік шарттарына катысты жасалды. Орта мерзімді немесе өндірістік циклдердің ұзақтығы 7-12 жыл болуы мүмкін.

Құрылыс циклдері 15-20 жылдық кезеңді қамтиды және негізгі капиталды жаңарту ұзақтығымен анықталады. Бұл циклдер жабдықтардың тозуын және жедел амортизация саясатын жүргізуді тудыратын ҒТП факторларының әсерінен азаяды.

Үлкен циклдердің ұзақтығы 50-60 жыл, олар негізінен ҒТП динамикасынан туындайды.

Кесте -2. Экономикалық цикл типтері

Типі	Цикл ұзақтығы	Басты ерекшеліктері
Китчен	2-4 жыл	Қорлар көлемі – ЖІӨ қозғалысы, инфляция, жұмысбастылық, тауарлық циклдер
Жугляр	7-12 жыл	Инфестициялық цикл- ЖІӨ қозғалысы, инфляция, жұмысбастылық
Кузнец	16-25 жыл	Табыс - иммиграция-тұрғын үй құрылысы-жиынтық сұраныс-табыс
Кондратьев	40-60 жыл	Техникалық прогресс, құрылымдылық өзгерістер
Форрестер	200 жыл	Энергия және материалдар
Тоффлер	1000-2000 жыл	Өркениеттің дамуы